

СЕМЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ
ТАҒАМТАНУ ЖӘНЕ ГИГИЕНАЛЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ

СӨЖ

Тақырыбы: Климат пен ауа райы. Климаттық
белдеулер. Қазақстан Республикасының климаттық
аудандары.

Жоспар:

- I. Кіріспе;
- II. Негізгі бөлім:
 - 2.1. Ауа райы, климат және олардың гигиеналық маңызы;
 - 2.2. Климаттық белдеулер;
 - 2.3. ҚР климаттық аудандары;
- III. Қорытынды;
- IV. Пайдаланылған әдебиеттер.

Кіріспе:

Ауа райы — атмосфераның жергілікті жердегі белгілі бір уақытта немесе уақыт аралығында (тәулік, ай) байқалатын құбылмалы жағдайы. Ол көбіне атмосфераның төменгі тропосфера қабатының күйімен сипаттайды.

Климат (гр. *κλίμα* (klimatos) — еңкейіс) — белгілі бір жердегі ауа райының көп жылдық режимі, яғни осы жерде болуға тиісті ауа райы жағдайларының жиынтығы мен оның бір ізбен өзгеріп отыруы.

Ауа райы, климат және олардың ГИГИЕНАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Ауа райы белгілі бір кезең аралығында (тәулік апта) біртіндеп немесе күрт өзгеруі мүмкін. Осыған байланысты кезеңді және кезеңді емес өзгерістерді ажыратады. Кезеңдіге қарағанда, кезеңді емес өзгерістер ауа райы факторларының күрт өзгеруімен сипатталады(ауа массасының жылжуы, барометрлік қысым, температура және басқа)

Метеорологиялық факторлардың күрт өзгерісі (кезеңді емес) ағзаның реттеуші аппаратына жоғары жүктеме береді де, бейімделудің физиологиялық механизміне күш түсіреді, ол ағза қызметінің ол ағза қызметінің әр түрлі бұзылыстарына әкеледі.





Метеротропты реакцияның пайда болу механизмі негізінде электромагнитті импульстердің әсері жатыр, оның әсерінен ОЖЖ функционалды бұзылыстары, тамырлар тонусының және зат алмасудың бұзылуы, қандығы холестерин, протромбиннің жоғарылап, каталаза белсенділігінің төмендеуі байқалады. Магнитті дауылдар кезінде гипертониялық ауру, инсульт және миокард инфарктісі себебімен жедел жәрдем шақыру саны көбейеді.

Негізгі климат түзуші факторларға географиялық ендік пен белдеу, күннің сәулелі энергиясы, беткейдің сипаты, ауа массасының циркуляциясы жатады. Климат түзуші факторларға сондай-ақ адамның мақсатты іс-әрекетін – жасанды теңіз, орманды қорғайтын жолақтар жасау, өзендердің ағу бағытын өзгертуді жатқызуға болады.

Климаттың адам денсаулығы мен жалпы жағдайына жағымды әсері курортологияда сәтті қолданылады (климатпен емдеу).


Климаттық жағдайлардың тұрғындар денсаулығына кері әсері кейбір аурулардың маусымдық сипатымен көрінеді. Жылдың суық кезеңінде ЖРВА, баспа, пневмония, миозит, неврит сияқты аурулар жиі тіркеледі.

Сау ағза ауыспалы климат жағдайларына тез бейімделеді. Ыстық климат жағдайларына бейімделу кезінде тамыр соғысының, тыныс алудың жиілеуі, артериялық қысымның, зат алмасудың және дене температурасының төмендеуі байқалады.



**Климаттық белдеулер - Жер шарының
ендік немесе субендік бағытта тұтаса
немесе бөлініп созылып жатқан, климатқа
қатысы жағынан айтарлықтай біртекті
өңірлері.**





Физико-географические пояса расположены симметрично по отношению к экватору. Карта.

Қазақстан Республикасының климаттық аудандары.



Қазақстан аумағын 4 климаттық белдеу (орманды дала, дала, шөлейт, шөл) қамтиды.

Орманды дала климаттық белдемі республиканың ылғалы ең мол бөлігі. Қысы ұзақ, қазаннан сәуірдің соңына дейін. Қуаңшылықтың орташа жылдық мөлш. 37 күн, кейбір жылдары 110 – 113 күнге дейін созылады.



Далалық климаттық белдем республиканың солт-ндегі біраз аймақты қамтиды. Дүлей желді күндер көп және эрозиялық процестер күшті дамыған. Орманды дала климаттық белдеміне қарағанда қысы және көктемі қысқа, жазы ұзақ, күзі 1 айға жуық (қыркүйектен басталады).

Дала зонасы



Шөлейт (шөлейтті дала) климаттық белдем немесе қуаң дала Қазақстанның орта бөлігіндегі жазық өңірді алып жатыр. Қысы қатал, ауа райы құбылмалы келеді, жазы ыстық, радиацияның жиынтық мөлшері тым жоғары. Аңызға сенсек кейбір жылдары айына 27 – 29 күнге созылады.



Шөл климаттық белдемі Қазақстанның жазық өңірінің көп бөлігін қамтиды. Ол 3 типке ажыратылады: сазды шөл, құмды шөл және тасты шөл. Жазы ұзақ, ыстық, қысы салқын, ауасы тым құрғақ келеді.



Қорытынды:

Ауа райы мен климат әрбір адамның денсаулығы мен өмір сүру жағдайына үздіксіз әсер етіп отыратын табиғи фактор болып табылады. Ауа райы мен климат жағдайларының адам денсаулығына әсері Гиппократ заманынан белгілі болған. Сол уақыттарда өзінде ақ, көптеген аурулардың пайда болуын, ағымы мен салдарын климат және ауа райымен байланыстырған және әр түрлі патологиясы бар науқастарды емдеу барысында климаттық - ауа райы факторларын қолданған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.М. Большаков, “Жалпы гигиена” 2014 ж, 47-51 беттер;
2. <http://old.el.kz/m/articles/view/content-1321>
3. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D1%83%D0%B0_%D1%80%D0%B0%D0%B9%D1%8B
4. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%BB%D0%B8%D0%BC%D0%B0%D1%82>